

**Аягөз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 тамыздағы № 50/424-VI "Аягөз ауданы бойынша бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, оларды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, оларды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Абай облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 қаңтардағы № 11/196-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 30 қаңтарда № 218-18 болып тіркелді.

Аягөз аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аягөз аудандық мәслихатының "Аягөз ауданы бойынша бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, оларды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, оларды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" 2020 жылғы 13 тамыздағы №50/424-VI шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7491 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 4-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аягөз аудандық мәслихат төрағасы*

*А. Ибрайшин*

Аягөз аудандық мәслихатының  
2024 жылғы 24 қаңтардағы  
№ 11/196-VIII шешіміне  
қосымша

**Аягөз ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары**

1. Аягөз ауданының келесі объектілерінің іргелес аумақтарынан кемінде 800 метр қашықтықта пикеттеуді өткізу шекарасы айқындалсын:

- 1) жаппай жерлеу орындары;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілері;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдар;
- 4) қауіпті өндірістік объектілер және пайдаланылуы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілер;

5) магистральдық теміржол желілері, магистральдық құбыржолдар, ұлттық электр желісі, магистральдық байланыс желілері.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ